

## Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссияның құрамын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 сәуірдегі N 570 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 375 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 375 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Биржалық сауданы және биржалық тауарлармен операцияларды мемлекеттік реттеуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) құрамы бекітілсін.

2 . К о м и с с и я :

1) б і р а й м е р з і м д е :

Комиссия туралы ережені:

биржалық тауарлардың тізбесін әзірлесін және бекіту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін:

2) Комиссия туралы ереже бекітілген күннен бір ай мерзімде:

Қазақстан Республикасындағы тауар биржаларының қызметіне талдау жүргізісін және оларды дамыту жөніндегі шараларды, олардың қаржылық тұрақтылығы, сауда-саттықтарды ұйымдастырудың, тауар биржаларын технологиялық және кадрлық қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды әзірлесін; кедендік және салықтық бақылауды жақсарту мақсатында көтерме саудалық

мәмілелер бойынша биржалық айналыстың тетігін әзірлесін.

3. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә.Өтембаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 13 сәуірдегі  
N 570 қаулысымен бекітілген

Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссияның  
құрамы

Әзімов Руслан - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік  
Жұмабайұлы сатып алу жөніндегі агенттігінің төрағасы,  
төраға

Бозымбаев Қанат - Қазақстан Республикасы Энергетика,  
Алдабергенұлы индустрия және сауда вице-министрі,  
төрағаның орынбасары

Андрюшенко Александр - Қазақстан Республикасының Экономика  
Иванович вице-министрі

Дүйсебаев Мұхамеджан - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік  
Жұмабекұлы сатып алу жөніндегі агенттігінің Есеп  
және мониторинг басқармасы  
бастығының орынбасары, хатшы

Жолдасбаев Сансызбай - Қазақстан Республикасының Статистика  
Елеусізұлы жөніндегі агенттігі төрағасының  
орынбасары

Тәжмақин Дәулет - Қазақстан Республикасының Ауыл  
Қабазұлы шаруашылығы министрлігі Стратегия  
және мемлекеттік реттеу департаментінің  
директоры

Сұлтанғазин Әнуарбек - Қазақстан Республикасының Табиғи  
Жәлелұлы монополияларды реттеу, бәсекелестікті  
қорғау және шағын бизнесті қолдау  
жөніндегі агенттігі төрағасының  
орынбасары

Мұхамеджанов Бектас - Қазақстан Республикасы

Гапурулы Премьер-Министрінің кеңесшісі

Рыспанов Нұрлан - Қазақстан Республикасының Энергетика,  
Бектасұлы индустрия және сауда министрлігі Ауыр  
өнеркәсіп департаментінің директоры

Сембин Асқар - Қазақстан Республикасының Әділет  
Болатұлы министрлігі Заңдар департаментінің  
директоры

Тілеулесов Биғали - Қазақстан Республикасының  
Жақсылықұлы Мемлекеттік кіріс министрлігі Ірі салық  
төлеушілер департаментінің директоры

Досаев Ерболат - Қазақстан Республикасының Қаржы  
Асқарбекұлы вице-министрі

Шерман Александр - Қазақстан Биржа одағының президенті  
Ильич (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 13 сәуірдегі  
N 570 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
күші жойылған кейбір шешімдерінің  
Тізбесі

1. "Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссия туралы, тауар биржаларын лицензиялау туралы ережелерді және Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссияның құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 30 мамырдағы N 755 P950755\_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 19, 216-құжат).
2. "Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссия құрамына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14

ақпандағы N 197 Р960197\_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 8, 54 - құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 30

мамырдағы N 755 қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 тамыздағы N 1012

Р 9 6 1 0 1 2 \_

қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 34, 318-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 30 мамырдағы N 755 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 қарашадағы N 1382

Р 9 6 1 3 8 2 \_

қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 46, 445-құжат).

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК